

ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ МЕНШІК ҚҰҚЫҒЫ, 2-БӨЛІМ

Ұлибританияда және Еуропа
Одағында дизайнды қорғау қалай
пайда болады?



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 2-бөлім

Дәріс: Ұлыбританияда және Еуропа Одағында дизайнды қорғау қалай пайда болады?

Дәріс авторы: Құлтай Адилова

Ұлыбританияда және Еуропа Одағында дизайнды қорғау қалай пайда болады?

Дизайнның пайда болу процесін түсіну – толықтай дизайн құқығын түсінуге тікелей негіз болып табылады.

Дизайн құқығын тіркеу туралы шешімді қабылдау

Дизайнды тіркеу біріншіден бизнес стратегия мәселесі екендігін түсіну қажет. Қорғаудың баламалы әдістері контекстінде тіркелген дизайнның артықшылықтары мен кемшіліктерін салыстыра отырып, оның алдағы уақыттағы тағдыры туралы, яғни оны тіркеу керек пе немесе керек жоқ па деген шешім қабылдануы тиіс. Шешім қабылдау – әдетте дизайн түрі, оның бағасы, монополияны қорғау маңыздылығы, бәсекелестердің ұқсас дизайнды жасау ықтималдылығын, потенциалды нарықтық мөлшері және т.б. сол сияқты себептерге тәуелді болды.

Ұлыбританияда қалыптасқан сот практикасы, дизайнды тіркеу – электроника және жиһаз индустрияларында кең тараса, тоқыма және сән индустриясында тіркелмеген дизайн құқығын пайдалануға бейім екендігін көрсетіп отыр.

Ұлыбританияда және Еуропалық Одақта дизайнды тіркеу процедурасы іс жүзінде автоматтандырылған болып табылады, бұл оның ерекшелігі болып саналады. Қысқаша айтатын болсақ, тіркеу процедурасы формалды қарастыру деп түсініліп, және де қорғау талаптарын сақтауға арналған дизайнерлік зерттеуді білдірмейді, сонымен қатар үшінші тұлғалардың процедураға қарсы тұруын және кедергі келтіруін жоққа шығарады. Бұрын айтылған шаралар әкімшіліктік және процесуалды рәсімділікті және кедергілерді, сонымен қатар бағасын кеміту мақсатында қызмет етеді деген түсінік қалыптасқан, соның есесінде тіркеу процедурасының жеке кәсіпкерлерге, шағын және орта бизнеске қолжетімділігін қамтамасыз етеді.

Дизайн иелері тіркеу процедурасынан өтіп, соңында бірнеше артықшылықтарға ие болады:

1. Біріншіден, анықтылық. Ол алдағы уақытта дизайнға деген инвестицияларды жоспарлауға көмектеседі. «Анықтылық» дәрежесі құжаттарды ұсыну және келесі дизайнердың басымдылығы анықталатын тәсілдерден тұрады.
2. Екіншіден, басымдылық, яғни тіркелмеген құқықтан басым болуы. Дизайнға тіркелмеген құқықты тек тікелей көшіріп алу арқылы бұзуға болады. Дизайнға қатысты тіркелген құқықтық иелері дизайнға қатысты тіркелген құқық иесіне қарамастан, қолданылған дизайн үшінші тұлғалармен жасалған кезде, дизайнды қолдануға шағымдана алады.
3. Үшіншіден, қорғау мерзімі.

Дизайнға тіркелген құқыққа қорғау мерзімі 25 жылға берілсе, ал тіркелмеген құқыққа қорғау мерзімі біршама аз болады.

Қауымдастықтың тіркелмеген дизайн құқықтары (Community design rights) – 3 жыл, Ұлыбританиядағы дизайнның тіркелмеген құқығы – 10 жыл.

Яғни, дизайнды құрастырушы мен оның иесіне дизайнды тіркеу туралы шешімді қабылдас бұрын, келесідей көптеген факторларды назарға алуы тиіс:

- дизайнды көшіру ықтималдығы;
- ұқсас дизайнды тәуелсіз құру ықтималдығы;
- дизайнды көшіру фактісін дәлелдеудің қиындықтары;
- нақты дизайн орналасатын нарық;
- дизайнның құқығын қорғау мерзімі;
- дизайнға тіркелген құқық артықшылықтарының алдындағы тіркеу құнының өтелуі

Еуропа Одағының зияткерлік меншік жөніндегі Ведомствосы дизайнға қатысты құқықтық тіркеу жүйесін оңтайландырылған процедурасы және бағасының арзандығы тұрғысынан тартымды етіп жасағандығын атап өту керек.

Қазіргі уақытта дизайнерлер жасаушы немесе дизайнерлер иесінде дизайнды тіркеу елдері арасында таңдау жасай алады. Елдердің әртүрлілігі және олардың дизайнға қатысты құқықтарды тіркеуді құқықтық реттеудің ерекшеліктері осы елдерде қамтамасыз етілетін дизайнға қатысты құқықтарды қорғаудағы айырмашылықтарға әсер етті. Келесі шешімдер бойынша сұрақтар туындайды:

1. Ұлыбританияда немесе бірқатар елдер тобына тіркеуге құжат беру қажет пе?
2. Қауымдастық (Community design rights) дизайны құқығының біріне ме немесе ұлттық құқық пен Қауымдастық құқығы комбинациясына құжат беру керек пе?
3. «Дизайн» түсінігі қалай анықталады?



4. Жүйе бірнеше дизайнға қатысты құқықтарды тіркеуге бір өтінімді ұсынуға рұқсат береді ме?
5. Жүйе құпияны тіркеуге немесе тіркеуді кейінге қалдыруға рұқсат ете ме?
6. Өнімді /тауарды сәйкестендірмейтін дизайнерды тіркеуге жол беріле ме?
7. Әрбір жүйе дизайнның басымдылығын қалай анықтайды?
8. Белгілі бір жүйе дизайнды елеулі түрде зерттеуді жүргізеді ме, егер болса солай болатын болса, тіркеуге шағымдануға не негіз болады?
9. Жүйе бар дизайнерды іздеуді жүзеге асырады ма, егер солай болса, мұндай ізденіс қаншалықты ұқыпты жүргізіледі? және т.б.

Ұлыбританиядағы дизайнға қатысты құқықты тіркеу

Дизайнды тіркеуге құжаттарды ұсыну үшін Ұлыбританияның Зияткерлік меншік Ведомствосы (Designs Registry at the UK Intellectual Property Office) жанындағы Дизайн Тіркеу бөліміне жүгіну қажет. Тіркеу процесі 1949 жылғы тіркелген дизайнер туралы Заңмен (Registered Designs Act 1949) реттеледі.

Гаага келісіміне қатысудың арқасында, оған 2014 жылғы Зияткерлік меншік туралы заңға өзгертулер енгізілгеннен кейін мүмкін болды, Ұлыбританияда өнеркәсіптік дизайн иесі құжаттарды бір тілде және бірдей бағамен Дүниежүзілік Зияткерлік меншік ұйымына құжаттарды ұсынумен қорғауды бірқатар елдерде алуына болады. Ұлыбритания және Еуропалық Одақ Гаага келісімінің мүшелері болғандықтан, тіпті Brexit кейін нақты елдерде қажетті қорғаныс алуға мүмкіндік береді.

Өтінім

Тіркеу бірінші кезекте өтініш беруді білдіреді.

2016 жылғы 1 қазаннан бастап өтініш берушілер бір өтініште кез-келген мөлшердегі жаңа дизайнды қоса алады, ал бұрынғы өтінім тек бір дизайнмен шектелетін.

Сәйкесінше, бұрында дизайнердің иелері екені туралы мәлімдеме жасаған тұлғалар өтініш бере алатын болса, ал қазір бұл талап 2014 жылғы Зияткерлік меншік туралы заңмен алынып тасталған.

Өтініш келесілерден тұруы қажет:

- дизайнның 2 бірдей суреті
- дизайнға қатысты өнім туралы мәлімдеме
- «дизайнның жаңа және жеке ерекшеліктері бар екен деп санайтын иесінің» пікірін растайтын, дизайнер иесінің немесе оның өкілінің қолы
- 60 фунт стерлинг мөлшеріндегі төлем

Сурет

Дизайнның суреті немесе сынағасы өтініштің маңызды бөліктерінің бірі болып табылады, сондай-ақ дизайнның бұл жерде бүкіл өнімнің бір бөлігін бейнелеу үшін екендігін көрсететін кез-келген ішінара бас тарту (partial disclaimer). Суреттер негізгі нысанды бірге меншікті анықтай отыра, бас тарту олардан оң сипаттамалар ретінде қаралуы мүмкін. Дизайнга қатысты «Жариялауға жарамды» талабынан басқа, өтініш беруші сурет формасын еркін таңдай алады. Ең кең таралған форматтар: қарындаш сызбалары, қара сызықтармен жасалған сызбалар, фотосуреттер, компьютерде жасалған графикалық сызбалар. Егер дизайнның детальдары тым жіңішке болса, үлкейтілген кескіндерді де қосуға болады.

Ұлыбританиядағы ережелер жасаған материалды түсіндіру мақсатында, дизайн жасалған түсі (Pantone жүйесін пайдалану арқылы) немесе шамасы (егер олар маңызды болса) үшін суретке түсініктеме беретін қысқаша сипаттаманы қосуға мүмкіндік береді. Өтініш берушілер дизайнның белгілі бір бөліктеріне қорғау облысын шектеу үшін «бас тарту» (disclaimer) мүмкіндігін пайдалана алады. Бас тарту (disclaimer) әртүрлі түрлерді қабылдай алады. Мысалы, ол графикалық түрде (қараңғылану, көмескілік немесе сызып тастайтын сызықтарды пайдалану) немесе жазбаша түрде («Тіс щеткасының басы үшін қорғау қажет, тұтқасына қатысты емес») көрсетілуі мүмкін. Егер фотосурет түрінде сурет болған жағдайда, өнімнің сыртқы көрінісінің кейбір аспектілерін жою қажет болуы мүмкін (мысалы, «тіс щеткасының формасы үшін қорғау қажет болса, ал материалдар, түстер, сөздер мен кескіндерге қатысты емес»). Немесе, керісінше өнімнің сыртқы көрінісінің кейбір аспектілері қорғауға қажет болуы мүмкін (мысалы, «қорғау формасы мен құрылымы үшін қажет болса, щетка тұтқасының түсі алынып тасталады»).

Бас тарту (disclaimer) болмаған жағдайда, трибунал суреттің бүкіл мазмұнын дизайн ретінде



Кітап: Интеллектуалдық меншік құқығы, 2-бөлім

Дәріс: Ұлыбританияда және Еуропа Одағында дизайнды қорғау қалай пайда болады?

Дәріс авторы: Күлтай Адилова

карастырады². Жалпы, тіркеуге өтінішті толтыру ерекшеліктерінің мәні – әлеуетті бәсекелестер сіздің дизайнерлік құқықтарыңызды бұзу жағдайларын қалай болдырмауы мүмкін екендігінде. Яғни, бас тартуды көрсетпеу/алып тастау бәсекелестерге кейбір дизайн ерекшеліктерін қосу немесе өзгерту арқылы құқықты бұзбаудан қашуға көмектесіп, ол нәтижесінде басқаша жалпы әсер ететін өнім шығарады.

Мысалы: өтініш тіс щеткаларына қатысты. Дизайнға салынған инвестициялардың нәтижесінде, дизайнда амортизациялық серіппе пайда болды. Өтініш беруші түрлі-түсті қылтандардан, түсті пластик қаламнан және Colgate логосын қамтитын дизайнерлік фотосуретті қосып, өтініш берді, бірақ өтініште қылтандар, лого немесе қалам түстері бойынша ерекшеліктер көрсетілмеген болатын. Бәсекелес щеткаға серіппені орнатып, басқа логотипті қолданып, ақ түсті қылтандармен көк пластиктен жасалған щетканы жасап, осылайша қолданушыға әртүрлі «жалпы әсер» жасайтын өнімді жасап шығарды.

Кескіндеме «дизайнның ақ-қара немесе түрлі-түсті графикалық немесе фотосуреттік бейнелеуі» түрінде берілуі қажет.⁵⁷ (Ұлыбританияда Тіркеуші реестрге енгізілуі мүмкін үлгілерді тіркеуге қабылдай алады, ал Еуропалық Одақтың Интеллектуалды меншік жөніндегі мекемесінде (EUIPO) үлгілер жарияланым мерзімін ұзарту сұралған кезде ғана тіркеуге алынады, себебі Қауымдастықтағы Дизайндар бюллетенінде жариялау процесі дизайн кескіндемесін көрсетуді талап етеді.⁵⁸) Әрбір кескіндеме, кем дегенде, бір «көріністен» тұруы тиіс және көріністер саны жетеуден артық болмауы керек.

Кескіндеме қорғауды талап ететін дизайнды сипаттау үшін қолданылатындықтан, «ол нақты әрі толық аяқталған болуы тиіс, бұл өте маңызды. Әрі дизайнға қатысты ешқандай сұрақ туындамауы қажет».⁶⁰ Еуропалық Одақтың Интеллектуалды меншік жөніндегі мекемесінің ресми өкілі мәлімдегендей, «дизайн кескіндемесінің құрылымын ойластыру патенттегі өнертабыс формуласын жасаумен тең: кескіндемеде не көрсетілсе, сол авторлық құқыққа ие болады».

Кескіндемені таныстыру тәсілін таңдау өтініш берушінің еркінде; бір ғана талап – қорғауға сұралған кескіндеменің өзгешелегі анық көзге көрініп тұруы тиіс және «жариялауға жарамды» болуы керек.

Кескіндеме тек бір ғана дизайнға қатысты бола алады.⁶³ Егер қайталанған шаблонды тіркеу қажет болса, «дизайнның кескіндемесінде оның толық бейнесі көрсетіліп, қайталанған шаблонның жеткілікті сыртқы бейнесі берілуі тиіс». Егер тіркеу «типографиялық шрифт» үшін қажет болса, кескіндеме толық әліпбиден және барлық арабша сандардан, сондай-ақ бес жол мәтіннен тұруы керек.

Өнімді сәйкестендіру

Ұлыбританиядағы өтініш берушілер дизайнды қолданайын деп жатқан өнімді сәйкестендіру керек болса да, бірақ бұл әрекеттің маңыздылығы өте айқын болуы керек: дизайнды қорғау тіркеуде көрсетілген белгілі бір өніммен шектелмейді, ол нәтижесінде басқа өнімнің дизайнымен салыстырғанда, дизайнға өзектілік жетпей қалуы мүмкін. Ең алдымен, өнімдегі сәйкестендіру өтініште процессуалды сипатта болады (дизайнды іздеуде оның классификациясының көмегі және т.б.)

Мысалы, егер тұлға тұсқағазда пайдалану үшін және өнімді тұсқағаз ретінде қабылдаса, шілтерлі кескін жасайды, онда тіркеумен қамтамасыз етілген қорғау тұсқағазымен шектелмейді. Үшінші тұлғалар перделерде, төсек-орын жабдықтарында және т.б. шілтерлі кескіндерді қолданса, ережені бұзған болып саналады

Дегенмен, жасалған өнімнің негізінде рөлі процессуалдық болып табылады (сондықтан қорғау облысына тікелей әсер етпейді), дегенмен оның жанама әсері мен салдарлары болуы мүмкін. Мысалға, үстел формасының тіркелген дизайнның құқығы үстел формасында осы үстел формасын қолданумен бұзылуы екіталай, себебі ақпараттандырылған қолданушы бірдей әсер тудыратын екі дизайнды табуы екіталай. Өнімнің сыртқы түрі және өнімнің табиғаты өзара тығыз байланысты болған жағдайда, өнім белгілі бір маңызға ие болады. Дизайнмен түпкілікті түрде байланыстырылған өнім (тіркеу өтінішінде көрсетілген өнімнен өзгеше болуы мүмкін), ақпараттандырылған қолданушы деген кім дегенді және дизайны үшін қолжетімділік дәрежесін анықтауда маңызды рөл атқаратындығын байқауға болады.